ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 7 сәуір №2301-25-00-2/224 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы А.А.Қайырғалиеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің №11 бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Строй Групп - L» Ляззат Жәрдемқызы Ақбисен

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Т.А.Ашикбаева
Жауапкер өкілі М.Р.Лиясова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 3 желтоқсанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №115-24 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер «Балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстарын» жасауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 989 000 теңге, орындау мерзімі – келісім күшіне енген күннен бастап 16 календарлық күн ішінде, 2024 жылғы 19 желтоқсанға дейін.

Алайда, жауапкер міндеттемені мүлдем орындамаған, шарттың мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанда өтіп кеткен.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындап, жұмыстарды жасамағанын айтты.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 3 желтоқсанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №115-24 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – 2024 жылғы 19 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндірді.

Жауапкермен сот отырысында бұл жағдайлар жоққа шығарылған жоқ.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 13.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.05.2025, судья Дәуренова О. Ш., 22.05.2025

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің №11 бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Строй Групп - L» Ляззат Жәрдемқызы Ақбисенді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Строй Групп - L» Ляззат Жәрдемқызы Ақбисен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Строй Групп - L» Ляззат Жәрдемқызы Ақбисеннен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Сот шешімі 2025 жылдың «14» мамырында заңды күшіне енді

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 13.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.05.2025, судья Даурешова О. Ш., 22.05.2025

2301-25-3-1/163